

Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББМ

Тәрбие жұмысы  
бойынша жыл бойына  
жүргізілген жұмыстар  
талдауы

2020/2021 оқу жылы

Қ.Шаңғытбаев атындағы ЖОББМ 2020-2021 оқу жылы барлығы 16 сынып комплектісімен басталды. Оның ішінде 6 сынып комплектісі 1-4 сыныптар, 10 сынып комплектісі 5-11 сыныптар қамтылды. Оқу жылының басында 238 оқушымен 115 қыз бала, 123 ер баламен бастап, оқу жылының аяғында 240 оқушымен аяқтадық. 2020-2021 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыру бағытындағы тәрбие жұмысының іс-шара жоспарлары құрылды. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып жұмыс жоспар талқыланып бірлесіп жұмыс жасау керектігі ескертілді. Негізінен 8 бағыт бойынша жұмыс жасап облыс пен ауданмен біріккен жұмыс жоспарлары бойынша жұмыс жүргізілді.

**Тәрбиенің жұмысының мазмұны:** Білім берудің жаңа деңгейіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үрдісінің өсуіне байланысты тәрбие күнделікті жаңа әдістерді іздеуді талап етеді. Қазір білім мен тәрбие беруде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына және ұлтжандылық қасиеттерді бойына сіңіруге үлкен мән беріліп отыруына орай, азаматтық-патриоттық, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие бағыттарының өзегі болып отыр. Биылғы оқу жылында мектебіміздің өзекті мәселесі: «Оқыту мен тәрбиелеудегі жаңа технологияны жетік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сапалы білім мен саналы тәрбиені жетік меңгерген жеке тұлға қалыптастыру» Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі. «Тәрбие жұмысына жаңа технологиялық әдістерді пайдалана отырып, саналы тәрбиені меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеу. Тәрбие жұмысының міндеттері: денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту; балаларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу; өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру; мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау; балалардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру; отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру. Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағытына байланысты сынып жетекшілердің жылдық жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Жаңа оқу жылының жұмысы тамыз айында ұйымдастыру жұмыстарынан басталды. Тәрбие жұмыс жоспарын талқылау, бекіту. Сынып жетекшілерінің қызметтік міндеттерімен таныстыру, алғашқы сабақ тақырыбымен таныстыру, сынып жетекшілерінің портфолиесін сыныпқа жасақтау туралы жұмыстар тапсырылды. Биылғы оқу жылында қашықтықтан оқытуға байланысты тек қана штаттық режимде бастауыш сыныптар оқитындығы анықталды. Біріші тоқсанда 5-11 сыныптар онлайн режимде оқыды.

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Алғашқы оқу жылында бастауыш сынып оқушылары санитарлық талапты сақтап «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» тақырыбында тәрбиелік шаралар өтілді. Орта буын мен жоғары сынып оқушылары онлайн режимде өтті. Салтанатпен ашатын алғашқы қоңырау болса, тәрбие бағытының бірі және бірегейі ол патриоттық тәрбие. Тәрбиенің әр бағытының өзіндік ерекшелігімен қажеттілігін ескере отырып, елдің болашағын, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағытының маңыздылығын түсінеміз. Осы бағытта мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері және мұғалімдер болып бірқатар ісшаралар өткізіп, нәтижелі жұмыстар атқарды. Жалпы тәрбие кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан мектеп көлеміндегі жұмыстар қыркүйектің бірінші аптасынан басталды. Атап айтқанда, бастауыш сыныптарда жоғары дәрежеде өтті. Сынып жетекшілермен бірлесе отырып жұмыс жоспар талқыланып бірлесіп жұмыс жасау керектігі ескертілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» мен "Мәңгілік ел" жалпыұлттық идеясының құндылықтарын негізге ала отырып тәрбие жұмысының жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді. Сынып жетекшілер тұжырымдаманың 9 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

«Білім күніне арналған «ҚР конституциясына 25 жыл» және «Әділдікке үндеген Қожа Ахмет Яссауи» тақырыптарында бастауыш сыныптар арасында дәстүрлі және жоғары сыныптар арасында қашықтықтан сынып сағаттары өткізілді. 22 қыркүйек тілдер мерекесіне «Тіл – достықтың алтын көпірі» атты құттықтау сайысына әр сынып өз құттықтауларын ортаға салды. 11-қыркүйек Отбасы күніне «Отан отбасынан басталады» тақырыбында сурет көрмелері ұйымдастырылды. «Мен және менің отбасым» тақырыбында отбасылық фото коллаж жасалды. «Отбасым алтын – бесігім» тақырыбында тәрбиелік шараға 7-кластар, 4а-класы, 4ә кластары қатысты. «Ұстаз – ұлы есім» онлайн құттықтаулар ұйымдастырылды. Әр сыныптан жақсы құттықтаулар ерекше әсермен қатысты.

Қараша айында мектеп психологы мектеп оқушыларына арналған психологиялық жадынамалар таратып, сенім телефондарымен мектеп оқушыларын таныстырды, сонымен қатар мектеп әкімшілігі және психолог оқушыларға анонимдік хаттар үшін жәшіктер орнатып, оның тұрақты жұмыс істеуіне бақылау жасайды. Сынып жетекшілер мектеп психологы мектеп оқушылары мен ата-аналарға құқықбұзушылықтың, суицидалды мінез-құлықтың алдын-алу бойынша семинар кеңестер, коллекциялар мен психологиялық жиналыстар өткізді. Мектеп психологы Г.М. Қожалепесова мектеп оқушылары арасында күш көрсету, бопсалаушылық, тонаудың алдын алу мақсатында сауалнамалар жүргізді. Жыныстық сипаттағы қылмыстың алдын алу бойынша қыздар мен ұлдар жиналысы өткізіліп, ұлттық тәрбие туралы дәрістер оқылды. Кесте бойынша сынып жетекшілер мен тәрбие ісінің орынбасары бала еңбегін қанаудың және тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында кешкілік рейдтер жүргізіп тұрады. Рейд уақытылы фото отчет тапсырылып қорытындыланды. Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер «Жас ұлан» ұйымы құрылды. Сыбайлас - жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында жұмыстар жасалды. 2020-2021 оқу жылының «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспары жасақталып бекітілді. 7-11-сыныптардан құралған клуб

үкені» ұйымдастырылды. Мұнда оқушылар өздеріне қажетті тауарларды алып, тынған тауардың ақшасын кассалық жәшікке қалдырды. Жобаның мақсаты: оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сананы және мәдениетті амыту, сонымен қатар ішкі парасаттылыққа, адалдыққа тәрбиелеу және бір-бірімізге деген сеніді қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлыққа» қарсы «Адал және атылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында оқушылар арысында сурет көрмесі өтті. Мақсаты: «Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп өз ойлаларын суретке бейнелеп түсіру. «Сыбайлас жемқорлыққа» қарсы 5-6 класс оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында тәрбиелік шара өткізілді. Қараша айында ауданнан келген каникулдық шара бойынша жоспар құрылып жұмыстар жүргізілді. Жұмыстың бағыттары мен іс шара түрлері жауапты тәжірибешілер белгіленді. Отбасына көмекке 8ә-сыныбы: ауылдың тұрғыны қалғызбасты апай Аманшаның үйіне барып көмек қолын созды «Кітаптар әлемінде» кездесу ұйымдастырылды. Жоғары сынып оқушылары сілтемелер арқылы университеттерге шолу жасады. «Қазақстан-менің –Отаным» атты сурет көрмесінен Оңғар Інжу жүлделі 1-орынға ие болды. Спорт, қолөнер, робототехника жұмыстары уақытылы орындалды. 23 қараша «Жалпыадамзаттық құндылық күнін» атап өту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап өту мақсатында сынып сағаттары, шеберлік сағаттар, эстафеталар, дәрістер ұйымдастырылды. «Бала құқықтары» 5-сынып оқушыларымен түсіндіру сабағы жүргізілді. «Балалықтың бал шағы» атты отбасымен бірге ұйымдастырылған спорттық шара өтті. «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселері жөніндегі балалар өкілдері» балалар қозғалысының қызметін 5-11 сынып оқушылар арасында көрсетілген сілтеме бойынша сауалнамаға қатысып, Telegramm әлеуметтік желісіндегі BALA QORGAU парақшасына тіркелгендігі оқушылардың суреттерімен дәлелденді. «Мен Қазақстан Азаматымын» тақырыбында онлайн сабақ өткізілді. 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай «Елі сүйген –елін сүйген Елбасы» атты 1-5 сыныптар арасында тәрбиелік шаралар өтті. «Елбасы деп соғады жүрегіміз» шығарма жазды, Жалмұханбетова тәрбие сағатымен қорытынды жасады.» «Тұңғыш елбасы-Ұлт көшбасшысы» тақырыбында 4,5,6,10 сыныптар сынып сағаттары өтті. «Өрт қауіпсіздігі» апталығы 07.12-11.12 аралығында жоспар құрылып тапсырмалар белгіленіп берілді. 1-5 сыныптар арасында өртке байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Өрт –тілсіз жау» сурет байқауы болды. Сыныптар арасында жүлдегерлер марапатталды. Өртті болдырмайық тақырыбында дайындық жұмыстары жүргізілді. Тәуелсіздік күніне орай 14-15 желтоқсан күндері аралығында іс шаралар жоспарланып өткізілді. «Желтоқсанда үзілген боздақтар» тақырыбында Молдабекованың ашық тәрбие сағаты өтті. Сабақ өте жинақы тақырыпқа сай және Қайрат Рысқұлбеков туралы сахналық қойылым көрсетіліп жақсы хормен аяқталды. « Тұңғыры биік Тәуелсіздік» атты тәрбие сағаттарында еске алу, өлең шумақтары, ой-толғаныстар айту, әндерді орындаумен аяқталды. «Тәуелсіздік халық мұраты» атты көрме ұйымдастыруда 11-сынып оқушыларымен бірлесіп кітапханашы Исатаев А бірлесіп отырмыз. Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-халық мұраты» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге 9-11 сынып оқушылары белсене қатысты. «Егемендік-елдігім, тәуелсіздік-теңдігім» атты көрме оқу сайысы 3 бағытта өткізілді. Өз шығармашылығы, ақын өлеңін

бойынша Жангелді Назкен, бастауыш сынып бойынша Бахтияр Аягөз иеленді. «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымына оқушылар 14-желтоқсан күні қабылданды. Бастауыш сыныптар бойынша 26 оқушы, орта буын бойынша 29 оқушы қабылданды. 29 оқушыға ту түстес галустук пен тосбелгі тағылды. Жиын өз дәрежесінде өтті. Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 22-желтоқсан күні «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша оқушылар арасында «Салтым санам, дәстүрім дәулетім» атты байқау өтті. Осы байқауда бастауыш сынып оқушылары Дүйсенбекова мен Мұхамбетсапа жүлделі ІІ, ІІІ орындар алды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, білім бөлімінің жоспарына сәйкес іс-шара жоспары құрылды. Жоспарда бекітілген тақырыптар бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы жоспарға сәйкес «Тұғыры биік тәуелсіздік» шаңғы жарысы ұйымдастырылды. Жарыс нәтижесінде І орынды Төлемисов С. ІІ орынды Шектигалнев Н. ІІІ орынды Ермахан А. иеленді. Желтоқсан айында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында балалар мен жасөспірімдер отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол бермеу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сауалнама алынды. Қылмыстық құқық-бұзушылық алдын алу мақсатында кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта заңды өкілсіз жүруін анықтау үшін рейд кестесі құрылып, жұмыстар жүргізілді. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен қысқы демалыс кезінде өткізілген «Қазақстан балалары-қысқы ғажайып» атты іс-шаралар жоспары жасалынды. Жоспар 8 бағытты қамтыды. Қауіпсіздік қамтамасыз ету бағыты бойынша «Қауіпсіздік негіздері» тақырыбы бойынша пиротехникалық құралдарды пайдалану, жол қозғалысы ережесімен, қауіпсіздік техникасымен таныстырды. Балалар мастер-кларстар бағыты бойынша «ашық хаттар жазу», «жаңа жылдық шеберхана», «қысқы ертегі» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Бастауыш сынып оқушылары белсене ат салысты. Жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланып отырды. Атап айтар болсақ, «Жаңа жылдық шеберхана» атты көрмеде Сейілханова М. Жұмысы үздік деп танылды. Отбасылық бағыт бойынша «Біздің отбасылық жәдігерлеріміз» атты онлайн көрме өтті. Көрме мақсаты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде қолданған заттардың маңызына зер салу, көнені жаңғырту. Бұл жұмыс бойынша Қуатова, Маратқызы, Бақи, Қасымов отбасыдағы жәдігерлері ұсынып желіге жарияланды. Спорттық бағыт бойынша «Біз салауатты өмір-салтын қолдаймыз» атты спорттық сайыс өтті. Сайысты Мурзалин өткізді. Қашықтықтан ән-би байқауы өтіп, байқау нәтижесінде І орынға Мақсотов Ж. мен Саршин Н. Ие болып, сыйлықтармен марапатталды. Ғылыми-техникалық бағыт пен шығармашылық бағыт бойынша, «Пайдалы ойындар» атты онлайн робототехника сабақтары өткізілді. Рухани-жаңғыру бағдарламасы бойынша «Қоғам құндылығы» жобасы аясында «Қолданбалы өнер» бағытында Күнтуғанов мен Наурызбаеваның жұмыстары әлеуметтік желіге жарияланды. Акмалаева М. өз сыныбындағы қыз балалармен шеберлік сағаттарын ұйымдастырды. Мектепшілік қысқы каникулдық іс-шара жоспары бойынша әр сынып жетекшісі берілген тақырыптар бойынша жұмыстар жүргізді. «Әр отбасы бір әлем», «Шын білім әрдайым ақиқат» атты танымдық ойын сабақтары ІІ-сынып арасында өткізілді. Ұлы жеңістің 75 жылдығына орай Қ.Көкөзов атындағы волейбол жүлдесінде қыз балалар тобы командалық ІІ орынға ие болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, «Адал ұрпақ» жоспары бойынша «адал», «сатылмайтын еңбек» тақырыптарында суреттер салынып, «сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті» тақырыбы бойынша түсіндіру

сабақтары жүргізілді. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына ұйымдастырылған «Бір ел-бір кітап» атты апталық өтті. «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Досына кітап сыйла» акциясы аясында оқушылар мен мұғалімдер өз қоржынынан кітаптар әкеліп, табыс етті. «Өнер білім бар жұрттар» тақырыбында Ы.Алтынсарин туган күніне орай, бастауыш сыныптар арасында эстафеталық жарыс ұйымдастырылды. «Бір ел-бір кітап» атты 11-сынып сынып өткізген презентациялық таныстырылым болды. Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында 8-11 сынып ер балаларымен бірлесе отырып, баяндама жасалды. М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» атты 8-12 ақпан күні арасында апталық өткізілді. Апталықтың ашылу салтанатын Саймов С. жүргізді. «Поэзия меніменен егіз бе едің» атты оқушы ақындар байқауы өтті. «Қаламгер» ақындар клубы оқушыларының ішінен Күнтуғанова Қ. үздік деп танылды. Апталықтың қорытынды кешінде Тілеухан Д. мен Қасымов А. қонақ ретінде шақырып, оқушылардың марапаттау рәсімін өткізді. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының қойылымы көрермендерге ұсынылды. 1-наурыз алғыс айту күніне байланысты оқушылар өз ұстаздарына алғыстарын білдірді. Мектеп оқушылары ауылдағы мекемелер: энергосистема ұжымына, Қазақтелеком, емхана, Қазпочта, мұражай, өрт сөндіру, су мекемесі, кітапхана, спорт мектебі ұжымдарына барып құттықтады. 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне 10-11 сынып қыз балалары арасында «қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек стол өткізілді. Бастауыш сыныптар арасында тәрбиелік сағаттар өтті. Жоғары сынып оқушылары мен ер ұстаздар мерекелік кеш ұйымдастырды. «Көрікті көктем аруы-2021» байқауының қорытындысы бойынша I орынды Еламанова Р. жоғары сыныптар арасында Асылханқызы Г. жеңімпаз ару деп танылды. «Жеті атанды білесің бе» челленжі 1-11 сынып арасында ұйымдастырылды. Көрісу күніне орай 1-7 сынып оқушыларымен тәрбиелік шаралар өтті. 15 наурыз күні «Амал келді, жыл келді» атты ұстаздар арасында көрісу күні ұйымдастырылды. «Ақ орамал» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: ақ орамалдың ерекше қасиетін айта отырып, мектеп ұстаздары бір-біріне ақорамал сыйға тартты. «Рухани жаңғыру» мәдени жобасы аясында ауданда мұғалімдер арасында «Есті ене, көргенді келін» атты отбасылық байқау өтті. Оған бастауыш сынып мұғалімі Уксикбаева мен анасы Науанова қатысып, жүлделі II орынға ие болды. Көктемгі каникулдық іс-шаралар жоспары толық өтіп, қортындалынды. Барлық жұмыстар желіге салынды. «Ұстаз-мектеп айнасы» бейнеролик байқауы аудан бойынша ұйымдастырылды. Мектептен байқауға 5 мұғалім қатысты. Нәтижесінде Жапарова алғыс хат және сыйақымен марапатталды. «Оқуға құштар» мектеп жобасы аясында кітапханашысы Исатаева А. өз жұмыстарын жоспар бойынша жүргізді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау, құрметтеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздер-елдігіміздің нышаны» атты мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар атқарылды. Оқу жылының басынан бастап әр дүйсенбінің бірінші сабағында мемлекеттік гимн айту ұйымдастырылды. Барлық сынып жетекшілер тәрбиенің жылдық жоспарына рәміздерді насихаттауға байланысты тақырыптарды енгізді. «Мемлекеттік нышандар тарихын білесің бе?», «Елдігіміздің айшықты айғағы» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Мемлекеттік мереке күндерінде, салтанатты іс-шаралар басталғанда және аяқталғанда және әр дүйсенбі күндері барлық оқушылар орындарынан тұрып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындайды.

ҚР білім беру ұйымдарында өз-өзін басқару органдарының дамыту тұжырымдамасымен таныстырылып, «Мектеп парламентін» сайлау ұйымдастырылды. «Мектеп парламентінің» сайлауына бақ сынауға 5 оқушы түсті. Сайлау нәтижесі бойынша Өмірханқызы М. ең көп дауыс жинап, мектеп президенті болып сайланды. Парламент құрамы 8 фракциядан, 1 президенттен тұрады.

«Қайырымдылық іс» акциясы аясында мектепте мұғалімдер мен қызметкерлер арасында Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығына орай, мектеп қабырғасында білім алып жатқан оқушылардың отбасына ақшалай жинап, азық-түлікпен қолдау көрсетілді. Қамқоршылықтағы Айтқожинаның есепшотына 10 мың теңге қаражат аударылды. Әсембекұлы, Тілеубергенов, Айтмағанбетов, Жарасбай, Сейілханов, Хабибулиндерге азық-түлікпен көмек көрсетілді. Шынболат Кәусар Қайратқызына есту апаратын сатып алуға ұжым мүшелері өз қаражатынан ақша аударды. Мектеп кіші қызметкері Ырғызбаева Д. балаларының күйектен зардап шегуіне байланысты көмек көрсетілді.

«Жүрек жылуы» волонтерлік клубы, жетекшісі Жалмұханбетованың ұйымдастыруымен топ мүшелері жиналып аз қамтылған отбасыларға азық-түлік таратты. Мектептегі зейнеткер ұстаз Төлегеноваға және Бралимоваға топ мүшелері қар ашуға көмектесті. Мектеп жанындағы қоқыстарды тазартты. \

«Дарабоз» клубының жұмысы. Жетекшісі: Қарауылбеков Г. Клубтың жоспары құрылып, тақырыптар бойынша жұмыстар жасалынды. «Жастарда патриоттық рух бар ма?», «Заманауи әлемде адамдарға рухани құндылықтар жетіспейді деп есептейсің бе?», «Оқушыларға үй тапсырмасы керек пе?», «Әлеуметтік желіні көбірек қолданады деп есептейсің бе?» тақырыптарында «Кемеңгер» және «Жаңа заман» фракциялары қатысып, тақырыпқа сәйкес жан-жақты дәлелдерін келтірді. Жұмыстары жүйелі жүрді. Тапқыр ойыншылар атағын Мусаева мен Өмірханқызы иеленді.

«Мұрагер» және «Инабат» клубтарының жұмыстары жоспарлары бойынша іс-шаралар жүргізілді. «Тазалық, тәртіп-басты талап» тақырыбында баяндама оқылды. «Қыз бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» баяндамасы, «Ұстазым менің ұстазым» мерекелік кеші, «Ұстазға арнау» қорытынды кеші «Инабат» клубымен ұйымдастырылды. Ішкі істер бөлімімен кездесу, ер балалар және қыз балалар киналысы, медбикемен кездесу жұмыстары жүргізілді.